

Ахметова Камшат Мусахановнаның
«6D110100 – Медицина» мамандығы бойынша
«Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын
болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру»
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ШІКІРІ

Диссертант Ахметова Камшат Мусахановнаның зерттеу жұмысы «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» диссертациялық жұмысы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының Ауруханасы» РММ, №1 қалалық аурухана, қалалық емханалар мен «Астана медицина университеті» КеАҚ профилактикалық медицина және нутрициология кафедрасы базаларында орындалды.

К.М.Ахметова диссертациялық зерттеудің тақырыбын таңдауға жауапкершілікпен қарап, жазушылық жұмысқа шығармашылық көзқарасты жоғары деңгейде көрсетті. Өзін күрделі мәселелерді сауатты шеше білетін, ақпаратты талдай және ұйымдастыра білетін, тұжырым жасай алатын және практикалық ұсыныстар жасай алатын, бастамашыл зерттеуші ретінде дәлелдеді.

Докторантурада оқу кезінде К.М. Ахметова өзін жағымды жағынан ғана көрсете білді, тәртіпті, еңбекқор, әдепті және оқу бағдарламасының мазмұнын сәтті игеріп, мемлекеттік емтихандарды жақсы тапсырды.

К.М. Ахметова өзінің ғылыми қызметіндегі білім деңгейін үнемі арттырып отырады. Заманауи компьютерлік технологиялар мен статистикалық мәліметтерді өңдеудің әдістерін жақсы игерген.

К.М. Ахметованың диссертациялық зерттеу тақырыбы өте өзекті, себебі ол қазіргі таңда жер бетінде кең етек алып келе жатқан метаболизмдік синдромның қауіп факторларын анықтауға, метаболизмдік синдромнан зардап шегетін науқастардың денсаулық жағдайын бағалауға, осы синдромды болжау мен профилактикалық шараларын ғылыми негіздеуге арналған.

Диссертант үлкен зерттелген проблемалық аймақта өз орнын таба білді және ғылым үшін де, практика үшін де маңызды қызықты нәтижелерге қол жеткізді. Шынында да, осы зерттеу негізінде ұсынылған ұсыныстарды тәжірибеде қолдану жүздеген адамдардың денсаулық жағдайын сақтап қалуға септігін тигізеді, ал ол өз кезегінде жалпы ұлт денсаулығының қай дәрежеде екендігін көрсетеді.


Диссертациялық жұмыстың мазмұны басылымдарда, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда, халықаралық мәліметтер базасына кіретін басылымдарда жеткілікті түрде көрсетілген және алынған нәтижелер халықаралық конференцияларда баяндалды және талқыланды, онда олар осы саладағы басқа зерттеушілер тарапанын оң бағаға ие болды. Сондай-ақ, профилактикалық медицина және нутрициология кафедрасының оқу процессіне, ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығы Ауруханасына ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актілері жасалды. Дәрігерлерге арналған 2 әдістемелік ұсыныстар жасалды, 2 пайдалы модельге патент және 5 авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктері алынды.

Осылайша, Ахметова К.М. диссертациясы толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысына жатады, ал алынған ғылыми нәтижелер эндокринология, кардиология, репродуктология салаларында қолданыла алады.

«Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» докторлық диссертация жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін қорғауға ұсынылған диссертацияға сәйкес келеді және докторант К.М. Ахметованың «6D110100 – Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші:

**«Астана медицина университеті» КеАҚ
профилактикалық медицина және
нутрициология кафедрасының профессоры
м.ғ.к., профессор**



А.А.Абдулдаева

18.03.2022 ж.